

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу біздің алдымыздағы ең басты міндет.

«Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» - деген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев [1].

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңында ұлттық және жалпы азаматтық құқықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамдарды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және жеке адамның шығармашылық, рухани күш – қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан – жақты толысуына жағдай жасай отырып, зерделі азамат даярлау міндеті көзделген [2].

Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, мұғалім оқушының білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек. Ол үшін мұғалімнің сабақты жан-жақты дайындауы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындау мүмкін сол жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді.

Сонымен қазіргі заман талабына сай мұғалім «білім бұлағы» емес, «білім бұлағына» жеткізуші, яғни білім алу жетекшісі болуы тиіс.

Негізгі мақсат - оқушыларға биологияның өмірдегі маңызын түсіндіріп, оны оқуға деген қызығушылықтарын арттыру жолдарын қарастыру.

Қызығушылық деп - оқушының бір нәрсеге зейін қоюын, кейбір заттар мен құбылыстарды танып білуге ұмтылуын айтамыз.

Мұғалімнің алдындағы мақсат оқушының оқуға ынтасын көтеру, қызығушылығын арттыру, бұл білім сапасын көтеру деген сөз. Сабақты құру негізі оқушылардың жұмысын ұйымдастыру. Бұл сабақтың маңызын және әдісін анықтайды. Сондықтан таңдалған әдіс сабақ барысының тиімділігін көрсетеді.

Сабақ барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану кезінде оқушылардың жеке қабілеттерін, білім алу деңгейін тыс қалдырмау қажет. Қиын шығармашылық тапсырмаларды тек қабілеті жоғары оқушыларға беру керек. Шығармашылық деңгейі жоғары тапсырмаларды орта деңгейлі қабілеті бар оқушыларға беру олардың өзі-өзіне деген сенімін түсіріп, келе-келе сабаққа деген ынтасын жоғалтуының себебі болады.

Оқушылар сабақ меңгеру барысында әртүрлі іс-әрекет жасайды: мұғалімді тыңдайды, оқулықты оқып, қосымша әдебиетпен жұмыс жасайды, зертханалық

тапсырмаларды орындайды. Жоғарыда аталған әр іс-әрекет бөлек психикалық үрдіске жатады: жады, қабылдау, ойлау, ойша бейнелеу.

Аталған процестер ішінде ойлау ең негізгі болып табылады. Ойлау мен жады арасында тығыз байланыс бар. Ой елегінен өткен материал жадыда жақсы сақталады. Ойлау басқа да танымдық әрекеттерге әсерін тигізеді.

Оқушының танымдық іс-әрекетін белсендіру дегеніміз - ол ойлау қабілетін белсендіру деп айтуға болады. Оқушыға оқу барысында тек берілген танымдық тапсырмаларды орындау әдістерін үйрету ғана емес, сол тапсырма-ларды өздігінен орындауға ынталандыру қажет. Оқушылардың оқуға деген ын-тасы мен қызығушылығын арттыру қазіргі заманғы мектептің басты талабы.

Әр сабақ тақырыптан басталады, тақырыпты жай ауызша мәлімдеу керек емес, тақырып айтпас бұрын қызығушылығын арттыру керек, өтетін тақырыптың маңыздылығын, бұрын өткен сабақпен байланысын көрсету маңызды. Оқушы тақырыптың маңызын түсіну барысында игеруге талпыныс жасау керек, әр сабақтың басты міндеті-білім алушының танымдық құзырлығын дамыту.

Әр пәннің оқушыларға берер танымдық тәрбиесі мол десек, соның ішінде биология пәнінің де оқушылардың ақыл-ой, танымдық қабілетін дамыту мүмкіндігі зор. Оқушыларға танымдық тәрбие берудің алғашқы баспалдағы деп оқытудағы саналылық принципін атауға болады, себебі табиғатты, сыртқы ортаны, жалпы тіршілікті оқыту барысында тәрбиелік міндеттердің де шешілетіні белгілі.

Табиғат құбылыстарының, қоғамдық-әлеуметтік өмірдің мәнін, заңдылықтарын терең түсінудегі өздігінен өзінің білім дағдылары мен іскерлігін жетілдірудегі оқушының әрбір қадамы оның дүниетанымын кеңейте түседі.

Биологияны оқыту барысында оқушылардың танымдық қызметін белсендіру - білім мазмұнын тереңдетеді, қоғамдық әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп шәкірттің дүниетанымын кеңейтеді, өзінше ой-пікір түйіндеуге үйретеді.

Таным үрдісі - өте күрделі үрдіс. Білім қорының молаюы да осыған байланысты. Таным белсенділігін арттыруда биология пәнінің қосар үлесі ерекше. Ал, оқушылардың таным белсенділігі артуының негізгі шарты проблемалық оқыту.

Іздену – оқу – таным проблемасын шешуге бағытталған оқушылардың іс - әрекеті. Оны ұйымдастырудың тәсілдері жиынтығынан зерттеу әдісі туады, ал одан проблема шешіледі [3].

Алдымызға қойған проблеманың басты мақсаты – оқушылардың биология пәніне деген таным белсенділігін, қызығушылығын, ойлау қабілетін сабақ үстінде және сабақтан тыс уақыттарда арттыру, өз бетінше еңбектене білуге дағдыландыру. Биология - қоғам өмірінде аса маңызды роль атқаратынын түсіндіру. Ол үшін мектептегі білім беру жүйесіне өзгерістер енгізу қажет.

Биологияны оқыту сағаттарын көбейтіп, жаңа оқу бағдарламасын қолдануымыз керек деп ойлаймыз. Бұл оқу бағдарламасының мазмұны былай болуы тиіс:

Міндетті сағаттардан бөлек практикалық жұмыстарға арнаулы уақыт бөлу. Аптадағы алғашқы екі сағаттың мұғалімнің тақырыпты оқытудың түсіндіру, дәріс, кітаппен жұмыс, әңгіме әдісі, иллюстрация әдістерімен шектелсе, ал қалған екі сағатта демонстрация, бақылау, лабораториялық жұмыстар, практикалық жұмыстар, графикалық жұмыстар сонымен қатар оқытудың белсенді әдістері іскерлік ойындар арқылы өткен тақырыпты яғни теориялық білімді практикалық біліммен бекітеміз. Белсенділікті арттыратын әдістерді мейлінше дамыту тәжірибелік іс-әрекеттің өркендеуіне, ақыл-ойға қозғау салады. Себебі, бір сағаттың ішінде оқушының өткен тақырыпты пысықтап, жаңа тақырыпты толық түсініп, теориялық білімді игергенмен, практикалық жұмыстарға уақыт жеткіліксіз болады. Ал нағыз биолог тек теориялық біліммен шектелмеуі керек. Оқушы биологияны мәтін жүзінде берілген мұғалімнің қатаң тапсырмасы ретінде қарамай, көзбен көріп, қолмен ұстап табиғатқа етене жақын болғаны жөн.

Биологияны танымдық тұрғыдан оқыту мынадай мәселелерді қамтиды: 1. Биология пәнінің білім мазмұнын бағдарламаға сәйкес тіршіліктің қағидаларын басшылыққа ала отырып, сабақтың білімдік мақсатымен қоса танымдық мақсатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Бұл оқушыны сыртқы орта мен тірі ағзаның арасындағы байланыстылықты түсінуге, табиғат заңдылықтарын меңгеруге жетелейді.

2. Сабақ барысында жеке тұлғаның психологиялық жай-күйін ескере отырып, есте сақтау қабілетін, жадысын, кез - келген ақпаратты қабылдау дағдысын, дәлелді мысал келтіре алу қабілетін жетілдіру табиғатқа бақылау жүргізе білуімен байланысты. Берілген тақырып ішінен ең қажетті, ең пайдалы нәрсені сұрыптап, таңдай білу оқушының ойлау қабілетін ұштап, соған сай әрекет етуге жетелейді.

3. Сабақтағы материал сынып шеңберінен шығып, табиғи ортамен тығыз байланысты бола келіп, одан әсер алатын күнделікті қоғамдық өмірмен астасып, ұштасып жатса, теориялық білім практикамен жалғасып, баланың ой-өрісін, сана- сезімін кеңейтеді.

Нәтижесінде:

1. Оқушылардың таным деңгейі кеңейе түседі.

2. Оларға қиын, түсініксіз болып көрінетін тақырыптың өзіне бейімділік белсенділігі артады.

Жоғарыда айтылған демонстрация әдісі тәжірибелерді, приборларды, препараттарды, табиғи объектілерді, кинофильмдерді т.б пайдалану болып табылады. Бұл әдіс әдістердің ішіндегі оқушылардың қызығушылығын арттыратын бірден бір әдіс. Өйткені оқушыға әр сабақ сайын бір сарынмен тек қана оқулықпен, жазбаша жұмыстармен жұмыс істеу жалықтырып жібереді. Ал демонстрация әдісі бойынша әр сабақты қорытындылап, оқушылардың теориялық білімін практика жүзінде бекітіп отырсақ сабақ әлдеқайда қызығырақ өтеді. Нәтижесінде оқушының алғашқы екі сағатта алған білімін өзінта- қызығушылығымен аптадағы соңғы екі сағатта ойын тәжірибелер өткізу, препараттарды көру барысында жарыса отырып дәлелдейді.

Әрбір сабақ - мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушының есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Қазіргі

Ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану – ұстаз шеберлігінің белгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://infourok.ru/azastan-respublikasini-prezidentini-halia-zholdaui-908717.html>
2. <http://oqu-zaman.kz/?p=5551>, “Оқушылардың оқуға ынта-жігерін қалыптастыру әдіс-тәсілдерін арттыру жолдары”
3. Қоянбаев Ж. Педагогика. – Алма-Ата, 1981.